

«Амина» бөбекжайы

Әдістемелік кеңесінің ХАТТАМАСЫ № 1 отырыс

Күні: 2026 жылғы «1» қыркүйек

Тақырыбы: Әдістемелік қызметтің жұмысын ұйымдастыру.

Мақсаты: 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік қызмет шеңберінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қызметін ұйымдастыру.

Әдістемелік кеңестің төрағасы: Мейремхан М әдіскер

Әдістемелік кеңестің хатшысы: тәрбиеші Өмірбекқызы А

Қатысты: 8 педагог

Мақсаты: КҮН ТӘРТІБІ:

1. МДҰ педагогтерінің кәсіби жетістіктерін анықтау, зерделеу, жалпылау жоспарын қарау және бекіту:

- педагогтердің жетістіктерін мониторингтеу нысандары мен әдістерін талқылау;
- жауапты тұлғаларды анықтау;
- материалдарды ұсыну мерзімдері мен нысандарын бекіту.

2. Жаңадан келген педагогтермен жұмысты жоспарлау.

Тәлімгерлік:

- жас мамандарды сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсыну және бекіту;
- тәлімгерлік сызбасын талқылау және бекіту;
- тәлімгерлерді тағайындау.

3. МДҰ базасында өткізілетін конкурстардың ережелерін қарау:

- кәсіби және балалар конкурстарының тізбесін, өткізу мерзімдері мен шарттарын қарау;
- конкурстарды ұйымдастыру жөніндегі жауапты тұлғаларды және ұйымдастыру комитетінің құрамын бекіту;
- конкурстардың нәтижелерін марапаттау тәртібін бекіту.

1-мәселе бойынша: МДҰ педагогтерінің кәсіби жетістіктерін анықтау, зерделеу, жалпылау жоспарын қарау және бекіту.

ЕСТІДІ: Әдістемелік кеңестің әдіскер Мейремхан М 2026–2027 оқу жылында педагогтердің кәсіби жетістіктерін анықтау, зерделеу және жалпылау жұмысын ұйымдастыру жоспарының жобасын таныстырды.

Педагогтердің жетістіктерін мониторингтеу нысандары мен әдістері (сабаққа қатысу, портфолио, ашық іс-шаралар, өзін-өзі талдау), жауапты тұлғалар, материалдарды ұсыну мерзімдері мен нысандары талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1. Педагогтердің кәсіби жетістіктерін анықтау, зерделеу, жалпылау жоспары негізге алынып бекітілсін.

1.2. Педагогтердің жетістіктерін мониторингтеу нысандары мен әдістері (сабаққа қатысу кестесі, портфолио, ашық көрсету сабақтары) бекітілсін.

1.3. Мониторинг жүргізуге жауапты тұлғалар тағайындалсын, жауапты — әдіскер Мейремхан М.

1.4. Материалдарды әдістемелік кабинетке ұсыну мерзімі әр тоқсанның соңғы аптасы болып белгіленсін.

2-мәселе бойынша: Жаңадан келген педагогтермен жұмысты жоспарлау.

Әдіскер Мейремхан М 2026–2027 оқу жылында жұмысқа жаңадан қабылданған педагогтермен және жас мамандармен жұмысты жоспарлау мәселесі бойынша баяндама жасады. Жас мамандарды сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы, тәлімгерлік сызбасы ұсынылып, тәлімгерлерді тағайындау мәселесі талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1. Жас мамандарды сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2.2. Жаңадан келген педагогтерге мына тәлімгерлер тағайындалсын:
Психолох Мүтән Б

2.3. Тәлімгерлік жұмысының нәтижесі оқу жылының соңында әдістемелік кеңес отырысында қаралсын.

3-мәселе бойынша: МДҰ базасында өткізілетін конкурстардың ережелерін қарау.

ЕСТІДІ: Әдіскер Мейремхан М 2026–2027 оқу жылында МДҰ базасында өткізілетін кәсіби және балалар конкурстарының ережелерін таныстырды. Конкурстардың тізбесі, өткізу мерзімдері мен шарттары, қатысушылар санаты, ұйымдастыру комитетінің құрамы және жеңімпаздарды анықтау мен марапаттау тәртібі талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1. Кәсіби және балалар конкурстарының тізбесі, өткізу мерзімдері мен шарттары бекітілсін.

3.2. Конкурстарды ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін, төрағасы — Әдіскер Мейремхан М.

3.3. Конкурстардың жеңімпаздарын анықтау және марапаттау тәртібі бекітілсін.

3.4. Конкурстарды өткізу барысын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Әдістемелік кеңестің төрағасы:  Мейремхан М әдіскер

Әдістемелік кеңестің хатшысы:  тәрбиеші Өмірбекқызы А